

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы N 1094 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 21-22, 87-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 12, 53-құжат; N 21-22, 87-құжат; N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 12, 72-құжат; 2007 ж., N 1, 2-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 10, 69-құжат; N 13, 99-құжат; 2008 ж., N 12, 48-құжат; N 15, 62, 63-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) мынадай мазмұндағы 189-1-баппен толықтырылсын:

"189-1-бап. Алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген
т ә р т і п п е н ж ү р г і з у

1. Осы Кодекстің жалпы ережелерімен анықталған алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу, осы баптың алынып тасталғаны үшін егер адам қылмыс жасауда өз кінәлілігінен бас тартпаса, арыз-талаптарымен келіссе және оның кінәсін дәлелдейтін жеткілікті айғақтар болса, онша ауыр емес және ауырлығы

орташа қылмыстарға қатысты қолданылады.

Арыз-талаптарымен келісу, адамның қылмысты жасауда өзін кінәлі деп тануы қылмыстық іс қозғаған және айыптау хаттамасын толтырған кезде іс жүргізу құжаттарында көрсетіледі.

2. Алдын ала тергеудің және анықтаудың жеңілдетілген тәртібі қылмыстар жиынтығына қатысты, егер жасалған қылмыстардың біреуі ауыр немесе аса ауыр қылмыс болса, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға және өздерінің дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты өзінің қорғану құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдарға қатысты жасалған жағдайда қолданылмайды.

3. Қылмыстық істі жеңілдетілген тәртіппен қозғау туралы шешім қылмыс туралы арыздарды немесе хабарламаны тіркеген сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде қабылданады.

4. Жәбірленушіден (куәгерден) жасалған қылмыстың белгілі мән-жайлары туралы жауап алынады, көрінеу жалған көрсетулер бергені немесе жауап беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауапкершілігі туралы қол қойдырылып ескертіледі.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ауызша нысанда жауап алуға жол беріледі. Жауаптың нәтижелері одан сотта жауап алуға негіз болып табылатын анықтаммен ресімделеді.

Алдағы уақытта тұрғылықты жерін ауыстыратыны туралы анық мәліметтер болған кезде, денсаулық жағдайы немесе өзге де себептер бойынша жәбірленуші (куәгер) қылмыстық істің сот талқылауына қатыса алмаса, міндетті түрде жауап алынады.

Сұрау (жауап алу) кезінде үн- және бейне жазба қолданылуы мүмкін, осы Кодекстің 12-тарауында көзделген қауіпсіздік шараларын қолданудың мақсатқа сай екені анықталады.

5. Алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу аяқталған соң осы Кодекстің 287-бабының ережелері бойынша айыптау хаттамасы толтырылады. Хаттамаға тергеу амалдарының шеңберінде маманның, сараптамалардың қорытындылары, заттай айғақтар, тексеру актілері, аудиторлық қорытындылар қоса берілуі мүмкін.

6. Алдын ала тергеуді және анықтауды жеңілдетілген тәртіппен жүргізу қылмыс туралы арыз немесе хабарлама тіркелген сәттен бастап он тәуліктен кешіктірмей жүзеге асырылады және прокурорға ұсынылатын айыптау хаттамасын толтырумен аяқталады. Іс бойынша сот талқылауы осы Кодекстің 363-бабының ережелері бойынша жүргізіледі.

7. Егер Кодекстің осы бабының алтыншы бөлігінде белгіленген мерзімде істің барлық мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуді қамтамасыз ету мүмкін болмаса, алдын ала тергеу және анықтау жалпы негіздерде жүргізіледі.";

2) 195-бап ", ал жеңілдетілген тәртіппен алдын ала тергеу - осы Кодекстің 287-бабының ережелері бойынша толтырылған айыптау хаттамасымен" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) 285-баптың он үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Анықтау қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарылған сәттен бастап отыз күн (бір ай) мерзімде қылмыстық істі сотқа жіберу үшін прокурорға бергенге дейін жүргізіледі. Олар бойынша істің мән-жайын жан-жақты және толық зерттелуін қамтамасыз ете алмайтын, осы Кодекстің 189-1-бабының ережелері бойынша қозғалған қылмыстық істер бойынша анықтау анықтау органының бастығы бекіткен анықтаушының қаулысы бойынша жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бір ай анықтау мерзімін белгілеу туралы қаулының көшірмесі жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі." ;

4) 2 8 7 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

"анықтау аяқталған соң" деген сөздерден кейін ", тергеуші алдын ала тергеу аяқталған соң" деген сөздермен толықтырылсын;

"анықтау барысында" деген сөздерден кейін ", алдын ала тергеу" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

төртінші бөлігіндегі "Айыптау хаттамасы" деген сөздерден кейін "толтырылған немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

б е с і н ш і б ө л і г і н д е :

"Анықтау органының бастығы" деген сөздер "Тергеуші толтырған, ал анықтау желісі бойынша анықтау органының бастығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтау органы" деген сөздерден кейін ", тергеуші" деген сөзбен толықтырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "анықтаудың аяқталуы туралы" деген сөздерден кейін ", алдын ала тергеудің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 289-баптың 3-тармағындағы "анықтауды қысқартуға" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойыла отырып, мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. жеңілдетілген тәртіппен қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жоюға және жалпы тәртіппен анықтауды тағайындауға;

5. қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жоюға және жеңілдетілген тәртіппен анықтауды тағайындауға".

2-бап. Осы Заң алғаш ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев